

<i>Nepeta pannonica</i> L.	шөпт,кж	мез	дәр, эф, азық	Таулы орманды аймақ
<i>Ziziphora bungeana</i> Juz.	шөпт,кж	кс	дәр	Таулы орманды аймақ
<i>Ziziphoraclinopodioides</i> Lam.	жартылайбұта шық	ксмез	дәр,эф	Таулы орманды аймақ
<i>Salvia stepposa</i> Schost.	шөпт,кж	ксмез	дәр, эф	Шахтер, Бұқпа өзені
<i>Scutellaria galericulata</i> L.	шөпт,кж	ксмез	дәр, мал.аз	Шахтер

**Ескерту:** шөпт – шөптесін, бт – бұтатектес, ж.бт – жартылай бұтатектес, ағ – ағаштектес, кж – көп жылдық, бж – бір жылдық, екж – екі жылдық, мез – мезофит, кс – ксерофит, ксмез – ксеромезофит, мезкс – мезоксерофит, пет – петрофит, гигро – гигрофит, гидро – гидрофит, дәр – дәрілік, эф. – эфирмайлы, мал.аз – азықтық, тех – техникалық.

Далалық зерттеу жұмысының нәтижесінде қарастырылып отырған Қарағанды қаласы және Қарқаралы ауданы флорасындағы территориясында белгіленген учаскелерден ерінгүлділер тұқымдасқа жататын 17 түрлі дәрілік өсімдіктер тіркелді. Олардың барлығы дерлік дәрілік және эфирмайлы өсімдіктер. Түрлердің ең сандық құрамы таралуы бойынша Қарқаралы таулы аймағына келеді.

Қорыта келе, Қарағанды қаласы және Қарқаралы ауданы флорасында ерінгүлділер тұқымдастарының тіркелген өсімдіктерді өмір сүру формалары мен экологиялық топтарға бөліп қарағанда олардың ішінде әр түрлі шөптесін өсімдіктер басым, ал жартылай бұта тектес өсімдіктер азырақ кездеседі, ал ағаш тектес өсімдіктері мен бұталы өсімдіктер кездескен жоқ. Бұл зерттелген өсімдіктердің басым көпшілігі мезофиттер мен ксеромезофиттер болып есептеледі. Шөптесін өсімдіктердің ішінде ең көп кездесетіндері: жебір, жыланбас болды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Джумагалиева Ф.Д., Заркешов Э.Г. Лекарственные растения Казахстана и их применения в медицине. Наука, 1982, с 1 – 216.
2. Поляковская М.Н. Лесные лекарственные растения. Изд. С/х и лес, 1986.

УДК 581.91

### **ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АЙМАҚТАРЫН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ**

**Қали А., Атикеева С.Н., Шорин С.С., Оспан Б.Н., Серіков А.Б.**

*академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

Мақалада рекреациялық жүктемелер топырақтың тығыздалуына әкелетіндігі және олардың су және ауа өткізу қасиетін нашарлатып, орман жамылғысын жоятыны, биогенді элементтердің биологиялық айналымын бұзатындығы атап көрсеткен. Ормандық өсу жағдайының рекреогенді түрде

нашарлауы және тынышсыздық факторы топырақтың және жер үстілік фаунаның түрлік алуандылығының азаюына, түрлердің кездесу жиілігінің төмендеуіне әкелетіндігі туралы айтылған.

**Тірек сөздер:** экотуризм, Қарқаралы, табиғат, рекреация, аймақ

The article notes that recreational loads lead to compaction of soils and worsen their water and air permeability, destroy the forest cover, disrupt the biological circulation of nutrients. It is noted that the recreational deterioration of forest growth and the concern factor lead to a decrease in the species diversity of soils and aboveground fauna, and a decrease in the frequency of species occurrence.

**Keywords:** ecotourism, Karkaralinsk, nature, recreation, region

Экотуризм концепциясы ретінде бұдан 15 жыл бұрын кейбір бағыттармен тенденцияларды жұмсарту мақсатында құрылған болатын. Бұл туристтердің өзге шебір жағдайы бастан кешу тілегіне орай және табиғат қатиген залалды сезінуге жауап ретінде бірітін деп пайда бола бастады. Бұқаралық туризм тұрақты еместігі әрі тұтынушы ерекше бір экзотиканық алайдыда, қолы жеткен жағдайда ол экзотика болудан қалатындығы белгілі болып отыр. Енді 1,5 жыл өткен соң, бүкіл әлемдік туристік ұйым экотуризмнің туризм индустриясындағы жедел даму шысектөре кендігіненә зараудартады [1-4].

Жұмысымдағы негізгі мақсат - бұл жұмыста біз төмендегі кейбір сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Осы сұрақтардың шешімін іздеу, зерттеудің тақырыбын анықтады. Оның басты мақсаттық мәні паркке келушілер мен дем алушылардың рекреациялық пайдалану аймағының табиғи компоненттеріне тигізетін антропогендік әсерлердің сипаты мен дәрежесін зерттеу болып табылады.

Табиғатты қорғау және рекреациялық бағалау нәтижесінде, табиғат паркі территориясын кешкнді түрде бағалау жүргізілді, осы кезде территорияны аса үнемді пайдалану іс – шаралары айқындалды.

Бағалау кезінде ең алдымен табиғи комплекстерді, ландшафт құрылымының алуан түрлілігін, флора мен фаунаның бағалы әрі сирек кездесетін түрлерінің мекен орнын сақтап қалу қажеттігі ескерілді, сонымен бірге оларды пайдалануға жарамдылығы назарға алынады.

Адамдар көп келетін және өсімдік пен жануар әлемін белгілі бір дәрежеде қорғауды қажет ететін жекелеген территорияларды рекреациялық құндылығын есепке алу рекреациялық және қорғалатын учаскелерді орналастырудың оптималды схемасын жасау мүмкіндігін берді.

Осының нәтижесінде табиғат паркінің шекарасында ландшафттарды және түрлі табиғи – шарушылық құндылығы бар территорияларды қорғау бойынша белгілі бір іс – шараларды қажет ететін территориялар қатары белгіленді. Ең алдымен қорғау іс – шараларының толық комплексін және шаруашылық іс - әрекеттерде тыйым салуды қажет ететін территориялар анықталды (кесте 1).

**Кесте 1**

**Қысқа мерзімді демалыс ауданын қызметіне байланысты аймақтарға бөлу  
(функционалды аймақтар)**

Функционалды аймақтар	Аудан, га	салмағы
-----------------------	-----------	---------

А	Барлығы	11, 52	168
	Соның ішінде:		
	Стационарлық демалыс		
	Кемпинг	10,35	36,1
	Өмір сүру аймағы	3,2	27,8
	Қоғамдық қызмет аймағы	1,6	13,9
	Спорттық құрылыстар аймағы	0,6	5,2
	Жасыл көшеттер аймағы	4,7	40,6
	Жабдықталған жағажай	0,45	3,9
Басқа да территориялар	0,4	3,5	
В	Стационарлы емес біркүндік демалыс		
	Қоғамдық қызмет аймағы	0, 03	0, 3
	Спорттық құрылыстар аймағы	0, 07	0, 6
	Жасыл көшеттер аймағы	0, 18	1, 6
	Жабдықталған жағажай	0, 19	1, 6
	Басқа да территориялар	0, 1	0, 1

Өзгертілген ландшафтар табиғи жүйелерді комплексті түрде қорғайтын және адамдардың келіп – кетуі қатаң реттелген территорияларға жатады. Аса жоғары дәрежеде өзгертілген территориялар сонымен бірге шектелген рекреациялық игерудің ұзақ мерзімді қорғалуын қажет ететін территориялар ретінде бағаланған, бірақ жекелген учаскелер капиталды құрылысқа арналып пайдаланыла алады.

Кешенді түрде бағалау негізінде территорияларды функционалды түрде аймақтау жүргізілді оның нәтижесінде табиғат паркінде түрлі шаруашылық ішілік тұрғыда ұйымдастырылған төрт функционалды аймақ бөлініп алынды (кесте 2).

**Кесте 2**

**Қарқаралы Мемлекеттік Табиғат Паркін қызметіне байланысты аймақтарға бөлу**

Функционалды аймақтар		Аудан , га		
		I нұсқа	II нұсқа	III нұсқа
I	Қорықтық аймақ	62203	62203	56903
	Соның ішінде:			
	Кент қорықтық учаскесі	48500	48800	2200
	Шанкөз қорықтық учаскесі	7597	7597	7597
	Оңтүстік Қарқаралы қорықтық учаскесі	6106	6106	6106
II	Қорықтық режимдегі территория			
	соның ішінде:			
	Арқарлық зоологиялық қорық	42700	42700	
Сарықұлжа кешендік қорық	1330	1330	1330	
III	Реттелген рекреациялық пайдалану аймағы	27191	27191	33991
	соның ішінде:			
	Шоғырланған келу аймағы (экстенсивті туризм)	24321	24321	30375
	Рекреациялық кешен жағдайында еркін келу аймағы (ормандық парк режимінде)	4025 <sup>x</sup>	4025 <sup>x</sup>	4171 <sup>x</sup>
	соның ішінде:			
Рекреациялық шарушылық кешендер	161	161	161	
IV	Буферлік (қорғау) аймағы	218840	60824	51758
	Барлығы:	352264	13484	142388

<sup>x</sup> пайдалану: соның ішінде буферлік (қорғау) аймақта 1155 га

Қорықтық аймақ (жалпы ауданы 61,5 мың га) таулы ормандар мен сирек ормандарды, өсімдіктердің максималды сақталған сирек және жоғалушы түрлерін қамтиды. Бұл аймақты бөліп қарастыру парктің ғылым үшін аса бағалы учаскелерінің жоспарлы изоляциясын сонымен қатар жануарлар үшін изоляцияның табиғи факторларын максималды түрде пайдаланудың арқасында адамдардың келуін шектейтін тыныштық аймақтарын құруды қамтамасыз етеді. Бұл аймақтың негізгі міндеті ретінде табиғи учаскелерді сақтап қалу, сонымен бірге ғылыми және шаруашылық тұрғыдан алып қарағанда аса бағалы жануарлар мен өсімдіктерді қалпына келтіру мен көбейту міндетін алуға болады. Аймақтың табиғи тек қана ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланады, оның территориясы шаруашылық мақсатта пайдаланудан шегеріледі, ғылыми мақсаттан басқа мақсатпен келуге тыйым салынады.

Бұл аймақтың құрамына Кент қорықтық учаскесі ( 42,2 мың га), Шанкөз қорықтық учаскесі (7,6 мың га) және Қарқаралы қорықтық аймағы (0,1 мың га) кіреді. Барлық осы территорияларда кез келген рекреациялық және шаруашылық іс - әрекетке тыйым салынады. Территорияда Мемлекеттік қорықтар туралы ережеге сәйкес абсолюттік қорықтық режим енгізіледі.

Қорықтық территория өздігінен кең кеңістіктерге әсерін тигізе алмайды. Сондықтан ол қорғаудың түрлі режимі бар тармақталуға ие жүйенің тек ядросы ғана бола алады. Бұл тармақталулар, бүкіл жүйе сияқты экологиялық талаптарды есепке ала отырып құрылуы тиіс. Осыған байланысты парк территориясында жоғарыда көрсетілгендей түрлі қорғау режимі бар аймақтар қатары ажыратылады.

Реттелетін рекреациялық пайдалану аймағы Қарқаралы ормандық оазисінің территориясында белгіленеді және 33,4 мың гектарды құрайды. Бұл аймақта демалыс және туризм мекемелерін және туристік , экскурсиялық соқпақтарды салумен қоса жүретін аса қарқынды рекреациялық іс - әрекет жүргізуге рұқсат етіледі.

Адамдардың шоғырланған түрде келу аймағы(шектеулі қол жету 29,2 мың га). Аймақ қорықтың аймаққа жақын орналасқан және оған келу қатаң бақыланады. Мұнда ұзақ мерзімді болу құқығыңыз маршруттық туризм жүзеге асырылады. Қолайландыру мақрерленген туристік және экскурсиялық соқпақтар. Тұрақ, палатка орналастыруға арналған учаскелер жүйесі арқылы шектеледі. Аймақта келушілерді максималды дәрежеде күту қарастырылады.

Еркін келу аймағы (4,2 мың га) қысқа мерзімді көліктік демалыс және серуен үшін бөлінген. Бұл аймақтар әлдеқашан шаруашылық іс - әрекет арқылы игерілген және суат, жағажай ландшафттары, орман алқаптарынан тұрады. Бұл аймақта қызметтердің шағын жинағы бар мекемелер, кемпинг орналасады, демалысты суда ұйымдастыруға жағдай жасалады (қайық станциялары, жағажайларды жабдықтау т.б) палаткалық қалалар, серуендер, пикниктер, саңырауқұлақ және жемс жинауға арналған орындар бөлінеді.

Осы аймақтардағы табиғи ландшафттарды сақтап қалу үшін келушілер ағымын реттеу көзделеді, ол үшін болатын туристік ағымдар үшін көлікпен жүруді мүмкін ететін жаяу жол соқпақтарын, паркішілік маңызы бар тас жолдарын салу қажет.

Бұл аймақта мыналар бөлініп қарастырылады: рекреациялық – шаруашылық кешендер (0,16 мың га). Бұл мәдени ландшафттық және табиғатты пайдалану мәдениетінің қалыптасуына қойылатын шарттарды жоғарылататын қарқынды рекреациялық әрекет аймағы. Оған ұзақ мерзімді демалыс территорияларды, қызмет көрсету орталықтары, орман парктері кіреді.

Бұл территориялар парктің перифериялық бөліктерінде орналасқан және рекреациялық тұрғыдан алып қарағанда әлдеқашан игерілген аудандар мен оларға жақын орналасқан орман учаскелерінен тұрады. Бұл аймақта территорияның рекреациялық сыйымдылығын жоғарлатуға бағытталған капиталды құрылыстар салуға рұқсат етіледі және оны қолайландыру көзделіп отыр. Бірақ ол тек ландшафтқа зиян келтірмей, парк мақсаттарына қайшы болмаған жағдайда жүзеге асырылады. Алайда жағымсыз табиғи процестердің белсендірілуіне әкеп соқтыратын іс – шараларды жүргізуге тыйым салынады. Аймақта қоршаған ортаның ластануының қайнар көзі болып табылатын өнеркәсіп және ауылшаруашылық салаларын орналастыру рұқсат етілмейді. Табиғат паркінің қорықтық және заказдық территорияларын біріктіру мақсатымен Орталық Қазақстанның спецификалық табиғи жағдайларының күшімен бір – бірінен алыс орналасқан буферлік аймағы құрылады. Оның басты міндеті – қорғалып отырған территорияларды мүмкін бұзылуынан қорғау және парктің табиғи комплекстерінің экологиялық бірегейлігін сақтау. Мұндай аймақты құру паркті қалыптастыру мен бірге табиғи парктің жұмысының қажет шарты болып табылады.

Қорытындылай келе рекреациялық жүктемелер топырақтың тығыздалуына әкеледі. Олардың су және ауа өткізу қасиетін нашарлатады, орман жамылғысын жояды, биогенді элементтердің биологиялық айналымын бұзады. Ормандық өсу жағдайының рекреогенді түрде нашарлауы және тынышсыздық факторы топырақтың және жер үстілік фаунаының түрлік алуандылығының азаюына, түрлердің кездесу жиілігінің төмендеуіне әкеледі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қаженбаев С., Махмудов С. Табиғат қорғау – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау. – Алматы: Мектеп ААҚ, 2002.
3. Каренов Р.С., Бекишев К.Б. Экологический менеджмент. – Караганды, 1996.
4. Қалыбеков Т. Экология және ашық кен. – Алматы: Қазақстан, 1988.

УДК 581.6

### **ОЦЕНКА РЕСУРСНОГО ПОТЕНЦИАЛА НЕКОТОРЫХ ВИДОВ РОДА *ARTEMISIA* L. В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ**

**Нашенов Ж.Б., Нашенова Г.З., Гемеджиева Н.Г.**

*Институт ботаники и фитоинтродукции, г. Алматы, Казахстан*

По результатам проведенных в 2024 году полевых исследований приведены сведения о ресурсном потенциале некоторых перспективных для фармации и ветеринарии в условиях изменяющегося климата видов рода *Artemisia* L. на территории Центрального Казахстана. Несмотря